ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 қантар № 5165-23-00-2/3241 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Көзайым» Айгерим Бериковна Ақшабаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптар өкілдері сотқа қатыспады

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2023 жылғы 09 қазанда № 77 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (әрі қарай-Келісім-шарт) түзілген.

Келісім-шарттың № 1 қосымшасына сай, орындау мерзімі: келісім-шартқа қол қойғаннан кейін 16 күнтізбелік күн ішінде болып, жалпы сомасы 1 652 500 теңгеге, жалпы саны 700-дана, кітап тауарын талап қоюшыға жеткізуге жауапкер міндеттеме алған.

Талап қоюшы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 25.01.2024
Дата вступления в законную силу: 01.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 05.03.2024
5165-23-3-1/3505

Келісім-шарт түзілгенін, жауапкер жеке кәсіпкер «Көзайым» Айгерим Бериковна Ақшабаеваны кітап тауарларын жеткізбегені үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды және тұрақсыздық сомасы 23 135 теңгені өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір беріп, онда талап қоюшының талабын мойындамай, талап қоюшы мемлекеттік сатып алу туралы заңның талаптарын бұзып, баспадан әлі шықпаған кітаптарды сатып алуға бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу жариялағанын, сол себепті талап қоюшының талабы негізсіз екенін көрсеткен.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге 2023 жылғы 31 қазанында веб-портал арқылы кітап тауарларын шұғыл жеткізу қажет екені туралы ескерту хабарлама жолданған.

2023 жылғы 19 желтоқсанда Келісім-шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы өкілі К.Ж. Алтынбеков сотқа арыз беріп, онда талапты толық қолдап, істі талап қоюшының өкілінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Тиісті түрде хабарланған жауапкер белгісіз себептермен іске қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктерінің талаптарына сәйкес сот істі тараптардың қатысуынсыз қарады және АПК-нің 281-бабының 1-бөлігіне сәйкес хаттама жүргізілген жоқ.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 25.01.2024
Дата вступления в законную силу: 01.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 05.03.2024
5165-23-3-1/3505

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында Келісім-шарт түзілген, дегенмен жауапкер Келісім-шарт бойынша кітап тауарларын талап қоюшыға жеткізбей, өз міндеттемесін орындамаған, бұл мәселе іске тігілген талап қоюшының жауапкерге Келісім-шарт бойынша тауарлар шұғыл жеткізу қажет екені туралы ескертпе-хабарламасымен, Келісім-шарт біржақты бұзылғаны туралы хабарламамен және істегі басқа да құжаттарымен толық дәлелденеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкердің қарсы пікірінде көрсетілген талап қоюшы баспадан әлі шықпаған кітаптарды сатып алуға бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу жариялаған, сол себепті талап қоюшының талабы негізсіз деген уәждерін, сот негізсіз деп санайды, себебі бұл туралы жауапкер ешқандай дәлелдеме ұсынған жоқ, сондай-ақ жауапкер мемлекеттік сатып алуға ерікті түрде қатысып, Келісім-шартқа ерікті түрде қолын қойған.

Бұдан бөлек, жауапкер сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 теңгені өндіру қажет деп табады.

№ 2 талап бойынша

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 25.01.2024

Дата вступления в законную силу: 01.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 05.03.2024

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Келісім-шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіреді.

Талап қоюшы жауапкерден Келісім-шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 1 652 500 теңге х 0,1% = 14 күнге = 23 135 теңгені өндіруді сұраған.

Жауапкердің тауарларды жеткізбегені сотта өз дәлелін тапты.

Сондықтан, сот талап қоюшының есебімен келісіп, жауапкерден Келісім-шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 1 652 500 теңге х 0,1% = 1 652, 5 теңгені х 14 күнге = 23 135 теңгені өндіру қажет деп табады.

АПК-нің 109-бабына сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж 694 теңгені өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көзайым» Айгерим Бериковна Ақшабаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көзайым» Айгерим Бериковна Ақшабаевадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көзайым» Айгерим Бериковна Ақшабаевадан талап қоюшы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 25.01.2024
Дата вступления в законную силу: 01.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 05.03.2024
5165-23-3-1/3505

тұрақсыздық сомасы 23 135 (жиырма үш мың бір жүз отыз бес) теңге және төленген мемлекеттік баж 694 (алты жүз тоқсан төрт) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 25.01.2024

Дата вступления в законную силу: 01.03.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 05.03.2024

5165-23-3-1/3505